

**"Ғарышкерлікке кандидаттың, ғарышкердің жыл сайынғы профилактикалық тексерілуін, медициналық және санаторийлік-курорттық емделуін қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 8 мамырдағы № 596 қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 1 қыркүйектегі № 600 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 18 наурыздағы № 141 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 18.03.2022 № 141 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Ғарышкерлікке кандидаттың, ғарышкердің жыл сайынғы профилактикалық тексерілуін, медициналық және санаторийлік-курорттық емделуін қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 8 мамырдағы № 596 қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Ғарышкерлікке кандидаттың, ғарышкердің жыл сайынғы профилактикалық тексерілуін, медициналық және санаторийлік-курорттық емделуін қамтамасыз ету қағидалары осы қаулыға қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі*

*А. Мамин*

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2021 жылғы 1 қыркүйектегі  
№ 600 қаулысына  
қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2012 жылғы 8 мамырдағы  
№ 596 қаулысымен  
бекітілген

**Ғарышкерлікке кандидаттың, ғарышкердің жыл сайынғы профилактикалық тексерілуін, медициналық және санаторийлік-курорттық емделуін қамтамасыз ету қағидалары**

## **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Ғарышкерлікке кандидаттың, ғарышкердің жыл сайынғы профилактикалық тексерілуін, медициналық және санаторийлік-курорттық емделуін қамтамасыз ету қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Ғарыш қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 34-бабына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұруы шартымен ғарышкерлікке кандидаттың, ғарышкердің, сондай-ақ олармен бірге тұратын отбасы мүшелерінің жыл сайынғы профилактикалық тексерілуін, медициналық және санаторийлік-курорттық емделуін қамтамасыз ету тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) Қазақстан Республикасының ғарышкерлігіне кандидат (бұдан әрі – ғарышкерлікке кандидат) – алдын ала іріктеуден өткен және ғарышкер біліктілігін алу үшін даярлыққа жіберілген Қазақстан Республикасының азаматы;

2) Қазақстан Республикасының ғарышкері (бұдан әрі – ғарышкер) – даярлықтан өткен, ғарышкер (сынаушы ғарышкер, зерттеуші ғарышкер, нұсқаушы ғарышкер) біліктілігінің және ғарышкер мәртебесінің берілгені туралы құжаттар алған Қазақстан Республикасының азаматы;

3) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (бұдан әрі – МӘМС) – әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының активтері есебінен медициналық көрсетілетін қызметтерді тұтынушыларға медициналық көмек көрсету жөніндегі құқықтық, экономикалық және ұйымдастырушылық шаралар кешені;

4) тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі (бұдан әрі – ТМККК) – бюджет қаражаты есебінен берілетін медициналық көмектің көлемі.

## **2-тарау. Жыл сайынғы профилактикалық тексерілуді және медициналық қызмет көрсетуді қамтамасыз ету тәртібі**

3. Ғарыш қызметі саласындағы уәкілетті орган жыл сайын, 15 қаңтардан кешіктірмей ғарышкерлікке кандидатқа, ғарышкерге және олардың бірге тұратын отбасы мүшелеріне денсаулық сақтау ұйымдарында жыл сайынғы профилактикалық тексерілуден өту қажеттігі туралы хабарлама жібереді.

4. Ғарышкерлікке кандидаттың, ғарышкердің және олардың бірге тұратын отбасы мүшелерінің жыл сайынғы профилактикалық тексерілуі ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде денсаулық сақтау субъектілерінде жүзеге асырылады.

5. Ғарышкерлікке кандидаттың, ғарышкердің мәртебесі Заңның 9-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес бекітілген Ғарышкерлікке кандидаттарды іріктеу және ғарышкерлікке кандидат, ғарышкер мәртебесін беру қағидаларымен расталады.

Ғарышкерлікке кандидаттың, ғарышкердің бірге тұратын отбасы мүшелері денсаулық сақтау ұйымына медициналық қызмет көрсету үшін қажетті бірге тұратынын растайтын құжаттарды ұсынады.

6. Ғарышкерлікке кандидат, ғарышкер және олардың бірге тұратын отбасы мүшелері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес денсаулық сақтау ұйымдарында ТМҚКК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде медициналық көмек алуға құқылы.

7. Пациентті стационарлық жағдайларда медициналық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарына, мамандандырылған, оның ішінде жоғары технологиялық медициналық көмек алу үшін денсаулық сақтау саласындағы ғылыми ұйымдарға ауыстыру қажеттілігі туындаған кезде ауыстыру "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 7-бабының 82) тармақшасына сәйкес бекітілген Медициналық көмек көрсету қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

### **3-тарау. Санаторийлік-курорттық емделуді қамтамасыз ету тәртібі**

8. Туа біткен аурулардан, жіті жай-күйлерден, хирургиялық араласудан және жарақаттардан, сондай-ақ олардың салдарынан кейін зардап шегіп жүрген ғарышкерлікке кандидат, ғарышкер және олардың бірге тұратын отбасы мүшелері Кодекстің 125-бабының 6-тармағына сәйкес бекітілген Медициналық оңалту көрсету қағидаларына сәйкес ТМҚКК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде медициналық оңалтуға жіберіледі.